

**"2020-2022 жылдарға арналған Тарбағатай ауданының бюджеті туралы"
Тарбағатай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 50-2
шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 54-2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 сәуірде № 6931 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 66-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 23.12.2020 № 66-2 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы "Бюджет кодексінің" 106, 109 - баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және сәйкес, Тарбағатай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1."2020-2022 жылдарға арналған Тарбағатай ауданының бюджеті туралы" Тарбағатай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 50-2 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6476 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2020 жылғы 15 қаңтарда жарияланған) мынандай өзгеріс енгізілсін:

5 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139-бабының 9-тармағына сәйкес бюджет қаражаты есебінен ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы азаматтық қызметшілерге қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілді органмен келісу бойынша жергілікті атқарушы орган айқындайды."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

С. Жакаев

С. Жакаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК